

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Бекболатұлы Санжар

(Білім алушының аты-жөні)

Алматы қаласында орналасқан жарық өткізгіш мөлдір конструкциялы
музыкалық-драма театры

(дипломдық жобаның тақырыбы)

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Т.ғ.д., профессор



С.Б. Шаяхметов

«03» 06 2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Алматы қаласында орналасқан жарық өткізгіш мөлдір конструкциялы
музыкалық-драма театры»

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Орындаған

Бекболатұлы Санжар

Рецензент

инженер-құрылысшы, тех.

ғыл. кандидаты

(ғылыми дәрежесі, атағы)


Тулеев Т. Д.

«30» маусым 2025 ж.



Ғылыми жетекші

т.ғ.к. қауым. проф.



Наиширалиев Ж.Т.

«30» 05 2025ж.

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты


«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор



С.Б. Шаяхметов

«03» 06 2025ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Бекболатұлы Санжар

Тақырыбы: Алматы қаласында орналасқан жарық өткізгіш мөлдір конструкциялы музыкалық-драма театры.

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор 2025 жылғы
«29» қаңтар № 26-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі « 05 » маусым 2025ж.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Құрылыс ауданы – 5500 м². Ғимараттың конструкциялық жүйесі – темір бетон . архитектуралық шешімдері – Витраж.

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның), жылу-техникалық есебі, жарық техникалық есептеу, іргетас нұсқаларының есебі және орналастыру тереңдігі, энергия тиімділігі шараларының негіздемесі;

б) Есептік-конструктивтік бөлімі: Калона, Бас арқалық;

в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі: технологиялық карталарды әзірлеу, құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыс бас жоспары;

г) Экономикалық бөлім: жергілікті смета, объектілік смета, жинақтық смета;

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

АР: Жоспар, Қасбет, Қима,

РР: Калона, Балка

ОТР: Тех карта, Құрылыс басжоспары, Календарный график.

Жұмыс презентациясы слайдтарда 14 көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 16 атаулардан

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	30%	60%	90%	100%	Ескерту
Сәулет-аналитикалық	28.12.2024-08.01.2025				
Есептік-конструктивтік		08.01.2025-23.02.2025			
Ұйымдастыру-технологиялық			24.02.2025-06.04.2025		
Экономикалық				07.04.2025-20.04.2025	
Алдын-ала қорғау	14.04.2025 - 25.04.2025				
Сапаны бақылау (ТЖ)	21.04.2025 - 16.05.2025				
Антиплагиат	08.05.2025 - 21.05.2025				
Нормобақылау	12.05.2025 - 05.06.2025				
Сапаны бақылау (сызбалар)					
Қорғау	09.06.2025 - 28.06.2025				

Аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын (жобасын) көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған

қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Нашралиев Ж.Т	08.01	
Есептік-конструктивтік	Нашралиев Ж.Т	23.02	
Ұйымдастыру-технологиялық	Нашралиев Ж.Т	06.04	
Экономикалық	Нашралиев Ж.Т	20.04	
Нормобақылау	Елубаев А.Б	08.06	
Сапаны бақылау	Возюкова Н.В	03.06	

Ғылыми жетекші

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Күні

қолы

қолы

Нашралиев Ж.Т

Аты-жөні

Бекболатұлы С.

Аты-жөні

« 3 » 02 2025 ж

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс «Алматы қаласындағы жарық өткізгіш мөлдір конструкциялы музыкалық драма театры». Жобаның мақсаты-Заманауи мәдени орталық құру.Жобаланатын кешенде 1000 көрермен орны бар.

Revit бағдарламасында театрдың архитектуралық жобасы әзірленді.Жоба қоршаған ортамен өзара үйлесімді орналасуға бағыталған.

Лира-САПР бағдарламасында ғимараттың құрылымдарының беріктігі,тұраақталығы және деформациясы бойынша есептеулер жүргізілді.

Ғимараттың құрлыс құны есептелді.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа «Музыкально-драматический театр с прозрачной светопроводящей конструкцией в г. Алматы». Цель проекта – создание современного культурного центра.Дизайнерский комплекс вмещает 1000 зрителей.

Программой Revit был разработан архитектурный проект театра, направленный на гармоничное расположение с окружающей средой.

Расчеты на прочность, устойчивость и деформацию конструкции здания проводились в программе «Лира-САПРО».

Была рассчитана стоимость строительства здания.

ANNOTATION

Thesis "Musical and dramatic theater with transparent light-conducting structure in Almaty". The aim of the project is to create a modern cultural center.The design complex accommodates 1,000 spectators.

The Revit program has developed an architectural design of the theater, aimed at a harmonious location with the environment.

Calculations for strength, stability and deformation of the building structure were carried out in the Lira-SAPRO program.

The cost of building construction was calculated.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Сәулетік-талдау бөлімі	8
1.1 Құрлыс аймағы мен климаттық жағдайларының сипатамасы	8
1.2 Сәлет - құрлыс шешімі	9
1.3 Инженерлік – геологиялық құрлыс жағдайы	10
1.4 Ғимарыттың жылу-техникалық есебі	11
1.5 Ғимарыттың жарық-техникалық есебі.	12
1.6 Ғимараттың инженерлік жүйелері	12
1.7 Энергия тиімділігін арттыру	13
1.8 Көлемдік жоспарлау шешімдері	13
1.9 Ғимараттың конструктивтік схемасы	14
1.10 Іргетас тереңдігін есептеу	14
1.11 Ғимарат есептік схемасы	16
2 Есептік құрылымдық бөлім	17
2.1 Тұрақты жүктемелер	17
2.2 Уақытша жүктемелер	18
2.3 Қар жүктемесі	18
2.4 Жел жүктемесі	19
2.5 Сейсмикалық жүктемелерді анықтау	21
2.6 Топырақ негізін модельдеу	22
2.7 Нәтежиелерді тексеру және талдау	23
2.8 Ұстынның есебі	24
2.9 Арқалық есебі	27
3 Құрылыс өндірісінің технологиясы	32
3.1 Жер жұмыстарын орнату бойынша нұсқаулар	32
3.2 Жұмыс көлемін анықтау	33
3.3 Жер жұмыстарын атқару үшін құрылыс машиналар кешенін таңдау	37
3.4 Құрылыстағы қауіпсіздік техникасы	45
3.5 Еңбек сыйымдылығын анықтау және еңбек шығындарын анықтау	47
3.6 Құрылыс жұмыстарының күнтізбелік жұмыстары	53
3.7 Құрылыс алаңының ұйымдастыру жұмыстары	54
4 Құрылыстың экономикалық бөлімі	60
Қортынды	62
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	63
А қосымша	64
Б қосымша	79
В қосымша	90

KIPCE

Алматы қаласы Қазақстан республикасының мегаполисы ғана емес, сонымен қатар туристік маңызы жоғары қалалардың бірі болып табылады. Алматы қаласында мәдениет саласы жақсы дамуда. Мәдениет саласын ары қарай дамыту мақсатында қалаға театрлар салыну керек.

Дипломдық жобаның басты мақсаты – жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды қолдану арқылы заманауи музыкалық-драма театрының сәулет-кеңістік шешімдерін әзірлеу және оның құрылыс технологиясын анықтау. Қоғамдық нысан ретінде театр ғимараты сәулеттік жағынан эстетикалық тартымды, функционалды және энергия үнемдеуші болуы қажет. Музыкалық-драма театрлары – мәдениет пен өнердің маңызды ошақтары болып табылады. Заманауи архитектуралық тәсілдер мен технологияларды, соның ішінде мөлдір конструкциялық материалдарды қолдану арқылы эстетикалық тартымды, жарықпен тиімді жұмыс істейтін және энергетикалық тиімді қоғамдық нысан құруға болады. Жарық өткізгіш құрылымдар күн сәулесін табиғи түрде ішке өткізу арқылы ішкі кеңістіктердің жайлылығын арттырып, электр жарығына кететін шығындарды азайтады.

Мөлдір конструкциялық материалдарды қолдану арқылы табиғи жарықтың ішкі кеңістіктерге енуін қамтамасыз етіп, жайлы орта қалыптастырумен қатар, электр энергиясына кететін шығындарды азайту мүмкін болады. Бұл өз кезегінде, ғимараттың экологиялық және экономикалық тиімділігін арттырады.

Жобада қарастырылатын театр ғимараты көрермендерге арналған негізгі аудиторияны, сахнаны, сахна арты кеңістіктерін, фойе, көрме аймағы мен демалыс орындарын қамтиды. Сәулеттік шешімдер арқылы нысанның мәдени мәні мен ашықтығы, сондай-ақ заманауи бейнесі айқын көрсетіледі.

Жобалау процесінде Revit бағдарламалық кешені арқылы архитектуралық модель құрылды, конструкциялық есептеулер ЛИРА-САПР жүйесі арқылы орындалды, ал жобаның экономикалық тиімділігі жеке бөлімде қарастырылды.

1 Сәулетік-талдау бөлімі


Алматы қаласындағы театрды жобалағанда, өңірдің табиғи-климаттық ерекшеліктеріне үлкен мән беріледі, себебі бұл барлық құрылыс аспектілеріне, соның ішінде материалдар таңдауы, сәулет шешімдері мен инженерлік жүйелерге тікелей әсер етеді. Алматы Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Іле Алатауының етегінде орналасқан. Бұл аймақтың климаты континенттік болып табылады, қысы суық, жазы ыстық, ал температураның тәуліктік және маусымдық ауытқулары үлкен. Қыста ауа температурасы -20°C -тан төмен түсіп, жазда $+30^{\circ}\text{C}$ және одан жоғары көтеріледі. Мұндай климаттық жағдайлар жыл бойы қолайлы жағдайды қамтамасыз ету үшін ғимаратқа қолданылған материалдарға назар аудару керек.

1.1 Құрылыс аймағы мен климаттық жағдайларының сипатамасы


Алматы қаласының климаттық жағдайы айтарлықтай өзгереді, бұл ғимараттар салу кезінде маңызды ескерілетін фактор. Ғимараттың салынатын жерінің климаттық сипаттамалары мынадай:

- Климаттық жағдайы – ШІВ;
- Құрылыс аумағының сейсмикалығы – 9 балл;
- Ең суық бес күннің орташа температурасы – $-20,1^{\circ}\text{C}$;
- Жылытылатын кезеңдегі орташа айлық салыстырмалы ылғалдылығы – 75%;
- Шілде айындағы орташа максималды ауа температурасы – $+30^{\circ}\text{C}$ [1]
- Қар жамылғысының нормативтік салмағы (II аудан үшін) – 1,2 кПа [2]
- Жыл бойындағы жауын-шашынның тәуліктік максимумы – 39 мм;
- Құрылыстың жел ауданы – II.

Бұл климаттық және сейсмикалық сипаттамалар балабақша ғимаратының құрылысын жобалау кезінде ескерілді.



1.1-сурет-Жел раушаны



1.2 сурет – Ситуациялық жоспар

1.2 Сәлет - құрылыс шешімі

1. Негізгі идея

Жобаның мақсаты – заманауи талаптарға сай, эстетикалық және технологиялық жағынан озық музыкалық драма театры ғимаратын жобалау. Жарық өткізгіш материалдар (мысалы: шыны және фотоэлектрлік панельдер салыстырмалы түрде) театрдың табиғи жарықпен жарықтануын қамтамасыз етіп, энергия тиімділігін арттырады. Театр ғимаратының құрылысында материалдарды таңдау кезінде шыны (шынықтырылған құрылымдық шыны) мен фотоэлектрлік панельдерді салыстыра отырып, шыныны қолдану анағұрлым тиімді екені анықталды.

Ең алдымен, театр — бұл тек архитектуралық емес, сонымен қатар акустикалық және визуалды талаптары жоғары нысан. Шыны материал жарықты табиғи түрде өткізіп, көрермендер залы мен фойе кеңістіктерінде ашық әрі кең сезім тудырады. Сонымен қатар, дыбысты шағылыстыру қасиетін басқаруға мүмкіндік береді, бұл театр акустикасын дұрыс жобалауға сеп болады.

Фотоэлектрлік панельдер мұндай функцияларды атқара алмайды және негізінен энергия өндіру мақсатында қолданылады. Олар ғимараттың эстетикасына әсер етіп, жарықтық деңгейін төмендетуі мүмкін.

Қауіпсіздік және беріктік жағынан алғанда, шыны (әсіресе ламинатталған немесе шынықтырылған түрлері) сыртқы және ішкі әсерлерге жоғары төзімділік танытады. Бұл көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды фактор болып табылады. Ал күн панельдері сынғыш әрі техникалық қызмет көрсетуді жиі талап етеді, бұл театр секілді үздіксіз жұмыс істейтін нысан үшін қолайсыз.

Сондай-ақ, экономикалық тұрғыдан шыныны қолдану — үнемдірек шешім. Фотоэлектрлік панельдер қымбат әрі күрделі техникалық инфрақұрылымды қажет етеді.

Осыған байланысты, театр құрылысы барысында шыныны қолдану – сәулеттік көркемдік, дыбыстық сапа, қауіпсіздік және экономикалық тиімділік тұрғысынан неғұрлым негізделген таңдау болып табылады.

2. Сәулет шешімі

- Фасад: Қасбетке жылу өткізбейтін, күн сәулесін сүзетін жоғары берікті шыны панельдер қолданылады. Бұл ғимараттың ішкі кеңістігін күндіз табиғи жарықпен қамтамасыз етеді.

- Интерьер: Ашық кеңістік концепциясы, жарықтың ойнақтауы арқылы акценттелген сахна аймағы. LED және жарықдиодты жолақтармен кешкі уақытта көркем жарықтандыру.

3. Құрылыс шешімі

- Конструкциясы: Темірбетон + шыны панельдер жүйесі.

- Жарық өткізгіш материалдар: 4 қабатты ламинирленген шыны, поликарбонат, жарық шағылыстыратын композиттер.

- Энергия тиімділігі: Пассивті желдету жүйелері мен күн сәулесін пайдалануға арналған архитектуралық элементтер.

4. Функционалдық аймақтар

- Көрермендер залы: 1000 орын, акустикалық панельдермен жабдықталған.

- Сахна: Көп функциялы, механикалық жабдықталған.

- Кітапхана / Көрме залы: Жарық көп түсетін жерде орналасқан.

- Кафе және демалыс аймақтары: Панорамалық терезелермен.

5. Экологиялық аспект

- Табиғи жарықты барынша пайдалану – энергияны үнемдейді.

- Қайта өңделетін материалдардан жасалған элементтер.

- Көгалдандырылған шатыр немесе жасыл аймақпен біріктіру

1.3 Инженерлік – геологиялық құрылыс жағдайы

Алматы қаласының инженерлік – геологиялық жағдайлары ғимартың орналасқан жеріне байланысты геологиялық түзілімдері мен топырақ түрлері әртүрлі болып келеді. Сол себепті топырақтың физикалық- механикалық қасиетерін анық тау үшін геотехникалық зертеулер жүргізілуі керек. Ал менің құрылыс аймағымда саздақ болды.

– топырақ тығыздығы – $\rho = 2,67 \text{ т/м}^3$

– меншікті ілінісу – $c = 25 \text{ кПа}$

– ішкі үйкеліс бұрышы – $\varphi = 23$

– деформация модулі – $E = 17 \text{ МПа}$

Іргетас негізіне қиыршық тасты топырақ жұмыс жасайды. Алматы қаласындағы жер асты суларының деңгейі қазба жұмыстары кезінде 27 м қашықтықта табылмады. Сейсмикалық қасиеттер бойынша топырақ жағдайының түрі-II. Құрылыс аумағында өсімдік қабатты 50 см кесіледі.

Алматы қаласындағы топыраққа мұз қату деңгейі:

$$d_{fn} = d_0 \sqrt{M_t} = 0,28 \sqrt{1,5 + 4} = 0,65 \text{ м}$$

Мұндағы $d_0 = 0,28$ м-саздақ пен саз үшін
 M_t -абсолютті орташа айлық теріс температура мәндердің қосындысы

1.4 Ғимараттың жылу-техникалық есебі.

Қоршау құрылымының жылу-техникалық есебі (ҚР ҚН 2.04-03-2011 Ғимараттардың жылу қорғанысын жобалау); [3] сүйене отырып жүргізілді. Карта бойынша Алматы қаласы ылғалдылықтың құрғақ аймағында, III климатық ауданда орналасқан.

- ішкі ауа тепературасы – 18°C ;
 - орташа сыртқы температура суық тәулік үшін – $21,1^{\circ}\text{C}$;
 - ішкі бетінің температурасы мен ішкі ауа температурасы арасындағы нормативтік температура айырмашылығы – 4;
 - Ғимарат конвертінің ішкі бет жылу беру коэффициенті – 8,7;
- Сыртқы қабырғаның жылу беруне қажетті кедергісі:

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{n(t_v - t_n)}{\Delta t^n \cdot \alpha} = \frac{1 \cdot (18 + 21,1)}{4 \cdot 8,7} = 1,12$$

Қабырғаның жылу беру төзімділігін анықтау.

Сыртқы қабырға пирогы:

- 1-қабат – құмды сылақ, қаландығы – 40 мм
жылу өткізгіштігі – $0,12 \text{ Вт/м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}$
- 2-қабат – Гидро-желуоқшаулағыш мембранасы, қалыңдағы – 30 мм
жылу өткізгіштігі – $1,03 \text{ Вт/м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}$
- 3- қабат – Жылуоқшаулау мембранасы, қалыңдағы – 20 мм,
жылу өткізгіштігі – $0,12 \text{ Вт/м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}$
- 4- қабат – Газаблок, қалыңдағы – 250 мм,
жылу өткізгіштігі – $0,56 \text{ Вт/м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}$

Термиялық жылу кедергісін есептеп анықтаймыз:

$$R_0^{\text{факт}} = \frac{1}{\alpha_v} + \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \frac{\delta_3}{\lambda_3} + \frac{1}{\alpha_n} = \frac{1}{8,7} + \frac{0,04}{0,12} + \frac{0,03}{1,03} + \frac{0,02}{0,12} + \frac{0,25}{0,56} + \frac{1}{23} = 1,13$$

Шарты (1,1 сәйкес) тексерсек:

$$R_0^{\text{тр}} \leq R_0^{\text{факт}} \quad (1.1)$$

$$1,12 \leq 1,13$$

Шарт орындалды. Ғимарат үшін қалыңдағы сақталады.

1.5 Ғимарыттың жарық-техникалық есебі.

Жарықтындырылатын аймақ:

- Негізгі сахна

Жарықтандыру түрі:

Табиғмы жарық(күн сәулесі)

Жаснды жарық(жалпы және жергілікті)

Жарық деңгейі бойынша талаптар:

Сахна – 500 лк

(ҚР ҚНЖЕ 2.04.05 – 91 Электір жарығы); [4]

(ҚР ҚН 3.02 – 24 – 2017 Жасанды жарықтандыру нормалары); [5]

Жарық есебі:

Сахна ауданы: 415 м²

Қажетті жарық:500 лк

Жалпы жарық ағыны:

$$\Phi = E \cdot S = 500 \cdot 415 = 207500$$

1 шам жарық ағыны: 5000 лм

Қажетті шам саны:

$$N = \frac{207500}{5000} = 42$$

Жарық көзі LED прожектрла(қуаты 100 Вт, ағыны5000 лм)

КЭО есебі:

$$W = \frac{42 \cdot 100}{415} = 10 \text{ Вт/м}^2$$

$$\text{КЭО} = \frac{500}{10} = 50 \text{ лк/(Вт/м}^2\text{)}$$

Бұл көрсеткіш жарық жүйесінің жоғары тиімділігін білдіреді.

Жобада қарастырылған жарықтандыру жүйесі бөлмелерге қажетті жарық деңгейін қамтамасыз етеді және энергия үнемділігі жағынан тиімді (КЭО көрсеткіші жоғары). Орнатылатын шамдар экологиялық, қауіпсіз және ұзақ қызмет етеді.

1.6 Ғимараттың инженерлік жүйелері

Ғимаратты жобалау барысында орталық жылыту жүйесі қарастырылған. Сонымен қатар, тұрақты пайдаланылатын бөлмелерде радиаторлар мен еденді жылыту жүйелері орнатылатын болады.

Театрда адам көп жиналатын болғандықтан барлық бөлмелерде шаңды кетіруге арналған ауаны сүзу жүйесі бар ағынды – сорғылы желдету жүйесі жобаланған.

Театрдың көрермендер залында қолайлы температураны қамтамасыз ету үшін орталық ауны баптау жүйесі қолданылады.

Театрын электрмен толықтай жабдықтау үшін келесі жүйелер қарастырылған:

– Негізгі қуат. Ажыратқыштар мен сақтандырғыштары бар негізгі қуатты тарату қалқаны орнатылып, ол қалалық электр желісіне қосылған. Бұл жүйе театрдың барлық электр қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

– Резервтік қуат. Негізгі қуат көзі сөнген жағдайда негізгі жүйелердің жұмысын жалғастыру үшін дизель-генератор пайдаланылады.

– Жарықтандыру. Театрдың ішкі және сыртқы кеңістіктерінде энергияны үнемдейтін жарықдиодты шамдар орнатылған. Сонымен қатар, сахна мен аудиторияға арналған арнайы жарықтандыру жүйелері бар, олар жарық эффектілерін басқаруға мүмкіндік береді.

Сумен жабдықтау. Барлық бөлмелерге, соның ішінде суық және ыстық сумен қамтамасыз ету қарастырылған, бұл санитарлық тораптар, асүйлер және сахна сияқты бөлмелерді қамтиды. Сонымен қатар, кәріз ағындарын, жаңбыр суна арналған кәріз желілері және дренаж жүйесін қоса алғанда, тиімді су бұру жүйесі ұйымдастырылады. Судың сапасын қамтамасыз ету үшін арнайы су дайындау және тазарту жүйесі қарастырылған.

Инженерлік жүйелер театрдың архитектуралық ерекшеліктерін сонымен қатар функционалдық талаптарын ескере отырып, көрермендермен мен театр қызметкерлері үшін қолайлы жағдай мен қамтамасыз етеді.

1.7 Энергия тиімділігін арттыру.

Театр энергияны көп қажет ететін ғимарат болып табылады. Жалпы ғимаратта энергия тиімділігін арттырудың ең тиімді шешімі күн энергиясын қолдану болып табылады. Алматы қаласында жылдық күн сәулесінің ұзақтығы шамамен 2500 сағатты құрайды. Бұл көрсеткіш Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда жоғары болып табылады, себебі Алматының оңтүстік-шығыс орналасуы күн сәулесінің көп түсуіне ықпал етеді. Күн энергиясын ғимарат төбесінде орналасқан күн панельдерінен алады.

1.8 Көлемдік жоспарлау шешімдері

Музыкалық-драма театр 4 қабаттан тұрады:

Ғимараттың қаңқасы тұтас қималы темір бетон болып шешіледі:

- Тақта іргетасы, С30/37 класты бетон, биіктігі 500 мм
- Жертөле қабатының қабырғалары 250 мм, С30/37, биіктігі 3,3 м
- Ал жоғарғы қабаттарда қабырғалары – 250 мм (газоблок), биіктігі 4,2 м, 4 м, 3,8 м

- 400x400 қимасы бар темірбетон бағаналар, С30/37 класты бетон
- 250x500 қимасы бар арқалықтар, С30/37 класты бетон
- Аражабын 200 мм С30/37 класты бетон

Ғимарат қабаттарының экспликациясы А қосымшада көрсетілген

1.9 Ғимараттың конструктивтік схемасы

Ғимараттың конструктивтік жүйесі-тұтас құймалы темір бетон конструкциясынан тұрады. Алдын ала қабылдау бойынша:

-іргетасы – темірбетон қалыңдығы 500 мм, материалы – С30/37. Негізгі арматурасы – S500. Іргетастың астында қалыңдығы 100 мм С8/10 классты бетон табаны қарастырылған;

- қабатаралық жабын – 200 мм тұтас құймалы темірбетонды кессонды плита, сыртқы қабырға – тұтас құймалы темірбетон, қалыңдығы – 250 мм, кессон размері

1x1 м, материалы – С30/37

- цокольды этаж сыртқы қабырғасы – тұтас құймалы темірбетон, қалыңдығы – 300 мм, С30/37, Арматурасы – (ҚР СТ EN 10080-2011 Темірбетон конструкцияларына арналған Арматура. Дәнекерленген арматура); [6]. бойынша S500;

- ұстын өлшемі – 400 x 400 мм қабылдаймыз;

- төбе жабын – темірбетонды тегіс шатыр, материал – С30/37, қалыңдығы -200 мм, уклон 2%.

1.10 Іргетас тереңдігін есептеу

Ғимараттың іргетасын есептеуге арналған бастапқы деректер:

– ғимарат ұзындығы – 76,2 м

– ғимараттың ені – 66 м

– ғимарат биіктігі – 25 м

Плиталы іргетастың алдын ала қабылданған тереңдігі $h=0,5$ м

Ғимарат құрылымдық схемасына байланысты іргетастың табан биіктігі тең:

$$d_{\phi} = h_{\pi} + h_{\phi} = 3,3 + 0,5 = 3,8$$

мұндағы h_{π} – жер асты бөлігінің биіктігі;

h_{ϕ} – ғимараттың плиталы іргетасының биіктігі.

Топырақ мауысымдық қатуының нормативтік тереңдігі:

$$d_{fn} = d_0 \sqrt{M_t} = 0,28 \sqrt{1,5 + 4} = 0,65 \text{ м}$$

Мұндағы $d_0 = 0,28$ м-саздақ пен саз үшін

M_t -абсолютті орташа айлық теріс температура мәндердің қосындысы
Топырақтың маусымдық қатуының болжамды тереңдігі:

$$d_f = k_h \cdot d_{fn} = 0,6 \cdot 0,65 = 0,39 \text{ м}$$

мұндағы k_h – құрылыс жылу режимінің әсерін ескеретін коэффициенті.
(Ғимараттың құрылымдық ерекшеліктеріне байланыты қабылданады.)

Алдын ала қабылданған төсеудің дұрыстығын тексеру келесі шартпен тексеріледі:

$$d_{\phi} = 3,8 \text{ м} > d_f = 0,39 \text{ м}$$

Шарт оорындалды, плиталы іргетастың қабылданған тереңдігі дұрыс, $h=0,5\text{м}$

Кесте-1.1 – Іргетас түрі ерекшеліктері


№	Іргетас түрі	Артықшылықтары	Кемшіліктері
1	Плиталы іргетас	- Тұтас платформа – ауыр ғимараттар үшін қолайлы - Жердің шөгуін біркелкі көтереді - Қосымша еден қажет емес	- Құны жоғары - Көп бетон қажет - Жоғары жұмыс күші
2	Лента (жолақ) іргетас	- Орташа бағалы - Жеңіл құрылымдарға қолайлы	- Ауыр ғимараттар үшін жеткіліксіз - Қосымша еден қажет болуы мүмкін
3	Бағана (свайный)	- Әлсіз топырақта жақсы - Терең іргетас қажет болғанда тиімді	- Қымбат - Арнайы техника қажет - Театр сияқты күрделі құрылымға сай емес

Неліктен плиталы іргетас дұрыс таңдау?

1. Театрдың конструктивтік ерекшеліктері:
 - Үлкен ғимарат (1000 орындық көрермен залы, сахна, қосымша блоктар).
 - Ауыр жүктемелер (жабдықтар, көрермендер, акустика жүйелері).
 - Біркелкі шөгу – дыбыс пен құрылымдық тұтастық үшін маңызды.
2. Топырақтың сипаты (Алматы):
 - Алматыда сейсмикалық белсенділік жоғары.
 - Плиталы іргетас — сейсмикалық тұрақтылық жағынан тиімді (жер қозғалысына біртұтас «қалқымалы» іргетас ретінде жауап береді).
3. Құрылыс және қаржы тұрғысынан:
 - Бастапқыда қымбаттау болғанымен, ұзақмерзімді пайдалану мен жөндеу шығындары төмен.
 - Қосымша еден қажет емес — осы арқылы белгілі бір үнем бар.

1.11 Ғимарат есептік схемасы

Театр ғимаратының есептік схемасы 1.3 – суретте көрсетілген.



1.3-сурет-Ғимараттың есептік схемасы

2 Есептік құрылымдық бөлім

Жобаланған ғимараттың есебі ЛИРА-САПР 2021 есептеу кешенінде ақырлы элементтер әдісін пайдалана отырып жасалды. Алдын ала орнатылған тірек конструкцияларына жүктемелерді жинақтау төменде «Кесте 2.1 - Жүктемелер үйлесімі» көрсетілген. Жүктемелерді жинақтау нормативтік құжаттар – EN 1990, EN 1991, EN 1998 стандарттарына сәйкес жүзеге асырылды. Нәтижесінде, 2.1-кестеде көрсетілген 14 түрлі жүктеме анықталды. Сонымен қатар, есептеу үшін әртүрлі есептік жағдайлардың әсер ету комбинациялары жасалды. ЛИРА-САПР бағдарламасында «Жүктеу редакторы» терезесіне 14 жүктеменің атаулары мен түрлері енгізілді.

Кесте 2.1 - Жүктемелер үйлесімі

№	Жүктеме аты	Жүктеме түрі
1	Өз салмағы	Тұрақты
2	Еденнен түсетін жүктеме	Тұрақты
3	Қабырғадан түсетін жүктеме	Тұрақты
4	Топырақ қысымы	Тұрақты
5	Уақытша жүктемелер	Уақытша
6	Қар жүктемесі	Қысқамерзімді
7	Аппатық қар жүктемесі	Қысқамерзімді
8	Жел жүктемесі +Х бағытымен	Қысқамерзімді
9	Жел жүктемесі +У бағытымен	Қысқамерзімді
10	Жел жүктемесі - Х бағытымен	Қысқамерзімді
11	Жел жүктемесі -У бағытымен	Қысқамерзімді
12	Сейсмикалық жүктемесі Х бағытымен	Қысқамерзімді
13	Сейсмикалық жүктемесі У бағытымен	Қысқамерзімді
14	Сейсмикалық жүктемесі Z бағытымен	Қысқамерзімді

2.1 Тұрақты жүктемелер

Жүктемені жинау кестелік түрде есептелді А қосымшасында көрсетілген. Топырақтан келетін көлденең қысым:

Іргетас жатқан топырақ қабаты – саздақ.

Меншікті салмағы $\gamma = 1,77$ т/м³, серпімділік модулі $E = 170$ кг/см², ішкі үйкеліс бұрышы $\varphi = 23^\circ$, сцепление $c = 25$

Белсенді жер қысымының көлденең қарқындылығы 3,3 деңгейінде топырақтан келетін көлденең қысым:

$$\sigma_{\Gamma} = \gamma H \cdot tg^2 \left(45 - \frac{\varphi}{2} \right) - 2c \cdot \sigma_{q\Gamma} = 1,77 \cdot 3,3 \cdot tg^2 \left(45 - \frac{23}{2} \right) - 2 \cdot 2,5 \cdot 0,43 = 1 \\ = 0,4 \text{ т/м}^2$$

Бөлінген жүктемеден 3,3 м белгісіндегі топырақтың белсенді қысымының көлденең қарқындылығы $q = 1 \text{ т/м}^3$

$$\sigma_{q\Gamma} = q \cdot tg^2 \left(45 - \frac{\varphi}{2} \right) = 1 \cdot tg^2 \left(45 - \frac{23}{2} \right) = 0,43 \text{ т/м}^2$$

2.2 Уақытша жүктемелер

Ғимаратқа түсетін уақытша жүктемелер:

[7] бойынша аражабынға, баспалдаққа түсетін жүктемелерді аламыз.

C2 категориясы бойынша баспалдаққа – $2 \text{ кН/м}^2 = 0,2 \text{ т/м}^2$

C2 категориясы бойынша аражабынға – $3 \text{ кН/м}^2 = 0,3 \text{ т/м}^2$.

Пайдаланылмайтын шатыр – $0,4 \text{ кН/м}^2 = 0,04 \text{ т/м}^2$.

Уақытша жүктемелер беру үшін «2.1-суретке сәйкес» және 2.3-кесте көрсетілгеніне сәйкес, [7] 6.1 - 6.2 кестесінен қолдану категориясын анықтадым. Жалпы бізде 4 категория бар екенін көре аламыз (А,В,С,Д). Менің құрылыс ғимаратым театр болғандықтан 6.2 кестесінен C2 категориясын алдым.

C	Площади сосредоточения (собрания) людей (кроме категорий А, В и D)	C1: помещения с наличием столов и т. п., например, в школах, кафе, ресторанах, столовых, библиотеках, гостиницах
		C2: помещения со стационарными сиденьями, например, в церквях, театрах, кинозалах, конференц-залах, аудиториях, залах для собраний, приемных, залах ожидания вокзалов
		C3: помещения со свободным перемещением людей, например, в музеях, выставочных залах, и т. п., а также в вестибюлях, в общественных и административных зданиях, гостиницах, больницах, залах ожидания вокзалов

2.1-сурет-СН-РК EN 1991- 6.1 таблицасы бойынша қолдану категориясы

Категория C:		
C1	2,0–3,0	3,0–4,0
C2	3,0–4,0	2,5–7,0 (4,0)
C3	3,0–5,0	4,0–7,0
C4	4,5–5,0	3,5–7,0
C5	5,0–7,5	3,5–4,5

2.2-сурет- Уақытша жүктемелердің мәні

2.3 Қар жүктемесі

Алматы қаласы жабынға әсер ететін қар жүктемесі бойынша II ауданда орналасқан. Оны келесідей формуламен есептейміз:

$$s = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot s = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,2 = 0,96 \text{ кН/м}^2$$

мұнадғы мәндер нормативтік құжаттамаға сай аланда [8]

μ_i – қар жүктемелері нысандарының коэффициенті $\mu_i = 0,8$;

s_k – топыраққа қар жүктемелерінің сипаттамалық мәні Алматы қаласы, 2 аймақ, $s_k = 1,2 \text{ кПа}$

C_e – қоршаған орта коэффициенті $C_e = 1$ (Қалыпты)

C_t – жылу коэффициенті; $C_t = 1,0$. Қар жүктемесінен түскен жүктеме анализін А қосымшасынан толығырақ көрсетілген

Авариялық қар үшін:

Бұл жерде s_k ны 2 есе қылып аламыз


$$s \cdot 2 = 0,96 \cdot 2 = 1,88 \text{ кН/м}^2$$

2.4 Жел жүктемесі

Жел жүктемесі бойынша есептелінді [9].

Мен қарастырып отырған блок өлшемдері 24x24x25(h) м. Жергілікті жердің түрі – IV, жел ауданы – II.

Ғимарат биіктігіне және жергілікті типке байлаысты экспозиция коэффициентін табамыз. Біздің жағдайда $c_e(z) = 1.8$



2.3-сурет - Экспозиция коэффициентінің графикалық бейнесі

Жел жақ бетіндегі сыртқы қысым (D аймағы)

Ғимараттардың негізгі биіктігі ретінде қолданылуға ұсынылатын мән $z_e=25\text{м}$.

Биіктігі бойынша сыртқы қысым z_e үшін базалық биіктікке сәйкес келеді
7.2.2 -әдістемесі бойынша $h=25\text{м} < b=24\text{м}$.


Жел қысымы w_e , (2.1) формуласы бойынша

$$w_e = q_p(z_e) c_{pe} \quad (2.1)$$

мұндағы $q_p(z_e)$ — жел арынының жылдамдығының шың мәні;

c_{pe} — сыртқы қысымның аэродинамикалық коэффициенті $h/d=1$

$c_{pe}=+1,8$ болғанда




2.4-сурет - h , b және жылдамдық профиліне байланысты z_c базалық биіктігі


II-ші жел ауданына жел арынының негізгі жылдамдығы $q_b=0,39$ кПа.

Кесте 2.4 – w_e жел қысымы мынаған тең:

$z_e = 25\text{м}$	$c_e(25) = 1,8$	$w_e = 1,8 \cdot 390 \cdot 0,8 = 561,6 \text{ Па} = 0,56 \text{ кН/м}^2$
--------------------	-----------------	--



2.5 - сурет – Бүйірлік және шатырды аймақтарға бөлу схемасы



2.6 - сурет – Бүйірлік және шатырды аймақтарға бөлу схемасы

Кесте 2.5 – w_e жел қысымы:

A	$c_{pe} = -1,2$	$c_{pe}(25) = 1,8$	$w_e = 1,8 \cdot 390 \cdot (-1,2) = -842,4 \text{ Па} = -0,84 \text{ кН/м}^2$
B	$c_{pe} = -0,8$	$c_{pe}(25) = 1,8$	$w_e = 1,8 \cdot 390 \cdot (-0,8) = -561,6 \text{ Па} = -0,56 \text{ кН/м}^2$
E	$c_{pe} = -0,5$	$c_{pe}(25) = 1,8$	$w_e = 1,8 \cdot 390 \cdot (-0,5) = -351 \text{ Па} = -0,35 \text{ кН/м}^2$
F	$c_{pe} = -1,6$	$c_{pe}(25) = 1,8$	$w_e = 1,8 \cdot 390 \cdot (-1,6) = -1123 \text{ Па} = -1,1 \text{ кН/м}^2$
G	$c_{pe} = -1,1$	$c_{pe}(25) = 1,8$	$w_e = 1,8 \cdot 390 \cdot (-1,1) = -772 \text{ Па} = -0,77 \text{ кН/м}^2$
H	$c_{pe} = -0,7$	$c_{pe}(25) = 1,8$	$w_e = 1,8 \cdot 390 \cdot (-0,7) = -491 \text{ Па} = -0,49 \text{ кН/м}^2$
I	$c_{pe} = +0,2$	$c_{pe}(25) = 1,8$	$w_e = 1,8 \cdot 390 \cdot (+0,2) = 140 \text{ Па} = 0,14 \text{ кН/м}^2$

Желден түсетін жүктемелер жабын деңгейінде қолданылады:

- 1 қабат деңгейінде: біз қабаттың жарты биіктігін ескереміз (2100 мм).
- типтік қабаттар үшін есептік жолақ - 4000мм.
- шатыр деңгейінің есептік жолағы – 3,65мм.

Есептеулер нәтижесіндегі ғимараттың жабын деңгейінде әсер ететін жел жүктемесі 2.6 кестеде көрсетілген

Кесте 2.6 – Жабын деңгейіне жел жүктемесін жинау

	1 қабат	Типтік қабат 2-4	Шатыр
<i>D</i>	$0,56 \cdot 2,1 = 1,2 \text{ кН/м}^2$	$0,56 \cdot 4 = 2,24 \text{ кН/м}^2$	$-0,56 \cdot 3,65 = -2 \text{ кН/м}^2$
<i>A</i>	$-0,84 \cdot 2,1 = -1,8 \text{ кН/м}^2$	$-0,84 \cdot 4 = -3,36 \text{ кН/м}^2$	$-0,84 \cdot 3,65 = -3 \text{ кН/м}^2$
<i>B</i>	$-0,56 \cdot 2,1 = -1,2 \text{ кН/м}^2$	$-0,56 \cdot 4 = -2,24 \text{ кН/м}^2$	$-0,56 \cdot 3,65 = -2 \text{ кН/м}^2$
<i>E</i>	$-0,35 \cdot 2,1 = -0,7 \text{ кН/м}^2$	$-0,35 \cdot 4 = -1,4 \text{ кН/м}^2$	$-0,35 \cdot 3,65 = -1,3 \text{ кН/м}^2$
<i>F</i>			$-1,1 \cdot 3,65 = -4 \text{ кН/м}^2$
<i>G</i>			$-0,77 \cdot 3,65 = -2,8 \text{ кН/м}^2$
<i>H</i>			$-0,49 \cdot 3,65 = -1,8 \text{ кН/м}^2$
<i>I</i>			$-0,14 \cdot 3,65 = -0,5 \text{ кН/м}^2$

2.5 Сейсмикалық жүктемелерді анықтау

Құрылыс орны: Алматы қаласы

Ғимараттар мен құрылыстардың мақсаты бойынша жауапкершілік класы: [10] нормативінің 155 бетіндегі 7.2-кесте бойынша қабаттылығы бойынша II класқа, міндеті бойынша III класқа жатады. Үдеу: 0,535 м/с². Топырақ типі: нормативті құжаттың 42-ші бетіндегі 3.1-кесте-топырақ жағдайларының түрлері кестесінен С (2) типті таңдаймыз нормативті құжаттың 156 бетіндегі 2.7 сурет бойынша анықталады:

Ғимараттың жауапкершілік классы		Сейсмикалық әсерлердің әсерін анықтауда қолданылатын γ_{th} және γ_{lv} коэффициенттерінің мәндері	
мақсаты бойынша	қабат саны бойынша	көлденең (горизонтальных)	тік (вертикальных)
I	I	$\gamma_{th}=0,5$	$\gamma_{lv}=0,5$
II	I-II	$\gamma_{th}=1,0$	$\gamma_{lv}=1,0$
	III-V	$\gamma_{th}=1,0+0,06 (n-5);$ $1,06 \leq \gamma_{th} \leq 1,8$	$\gamma_{lv}=1,0+0,04 (n-5);$ $1,04 \leq \gamma_{lv} \leq 1,5$
III	I-II	$\gamma_{th}=1,25$	$\gamma_{lv}=1,25$
	III-V	$\gamma_{th}=1,0+0,06 (n-5);$ $1,295 \leq \gamma_{th} \leq 1,8$	$\gamma_{lv}=1,0+0,2 (n-5);$ $1,27 \leq \gamma_{lv} \leq 1,5$


2.7-сурет- Ғимараттар үшін жауапкершілік коэффициенттерінің мәндері

2.6 Топырақ негізін модельдеу


№ ИГЭ	Усл. обозн.	Наименование грунта	Цвет	Модуль деформации, кН/м2	Коэффициент усадки	Удельный вес грунта, кН/м3	Коэффициент перехода ко 2 модулю деформации	Природная влажность, доли	Показатель текучести IL	Вода Лесс Насыль Органич	Коэффициент пористости e	Содержание растительных остатков, q	Удельное сцепление Rc, кН/м2	Угол внутреннего трения φ , °	Предельное напряжение растяжения Rs, кН/м2	Коэффициент Савинова Co, кН/м3	Коэффициент пропорциональности K, тс/м**4 и код грунта
1		Насыпной		9806.65	0.3	17.652	5	0.05	0.2		0.7	0	4.90332	16	0.980665	9806.65	235 Cf
2		Песок пылеватый		17652	0.3	17.1616	5	0.25		W	0.54	0	0.980665	31	0.196133	8825.98	400 S0
3		Супесь		19613.3	0.3	17.8481	5	0.26	1.1	W	0.72	0	7.84532	22	1.56906	14710	235 Sp
4		Суглинок тугопласты		17652	0.35	18.3384	5	0.17	0.26		0.68	0	19.6133	18	3.92266	19613.3	496 Ls
5		Глина полутвердая		21574.6	0.42	18.8288	5	0.02	0.15		0.8	0	49.0332	16	9.80665	24516.6	540 Cs

2.8-сурет – Топырақ сипаттамасы


Топырақ модулін жасамас бұрын, біз жүктемелердің қосындысы туралы білуіміз керек, ол үшін бізде жасау және өңдеу қойындысында функция бар. 2.8-суреттерде Лира-САПР бағдарламасындағы топырақ модельін құрамы көрсетілген.



2.9-сурет – Топырақтағы ұңғымалардың орналасуы



2.10-сурет – Топырақтағы шөгуді



2.11-сурет- Жүктемелерді қорытындылау

$$\frac{P_z}{S(\text{фун})} = \frac{281538}{26 \times 26} = 416.5 \text{ кН/м}^2$$

2.7 Нәтежиелерді тексеру және талдау

Бұл талдау және есептеу нәтижелерін тексеру Eurocode EN 1991 (жүктеме), EN 1992 (бетон конструкцияларын жобалау) және EN 1997 (геотехникалық конструкцияларды жобалау) талаптарына сәйкес орындалды. Есептеулер Лира САПР бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылады.

Талдау әдістері:

- Сызықтық-серпімді талдау
- Соңғы элементтер әдісі (Лира-САПР бағдарламасында)
- Жүктемелердің есептелуі (тұрақты, уақытша, қар, жел, топырақ сесмикалық)

- Еврокодтарға сәйкестік:

Есептеу нәтижелерін тексеру:

- құрылымдық элементтердің беріктігін, тұрақтылығын және деформациясын тексеру;

- алынған нәтижелерді Еурокодтарда белгіленген шекті мәндермен салыстыру;

Талдау нәтижелері. Барлық құрылымдық элементтер беріктік, шекті кернеу және деформация талаптарынна сай келді. Құрылымның тұтастай және жеке элементтердің тұрақтылығын тексеру жүргізілді. Құрылымдық элементтердің ауытқуы мен қозғалысы тексерілді.

Талдау нәтижесінде ғимарат Еурокодтардың талаптарын орындады EN 1991, EN 1992 және EN 1997. Алынған кернеулер, деформациялар және күштер мәндері рұқсат етілген мәндер шегінде болады. Толығырақ есептелуі және тексерілуі А қосымшасында көрсетілген

2.8 Ұстынның есебі

Ұстын ғимараттың беріктігімен қауіпсіздігіне жұмыс жасайды. Ұстын ғимаратқа түсетін жүктемелерді ұстайды. Ол ғимараттың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Есептеу алдымен ұстынның есептік ұзындығын табудан басталады

$$l_0 = 0,5l \cdot \sqrt{\left(1 + \frac{k_1}{0,45 + k_1}\right) \cdot \left(1 + \frac{k_1}{0,45 + k_1}\right)}, \text{ м} \quad (2.2)$$

мұндағы $k_1 = 0,1$

$$l_0 = 0,5 \cdot 4,2 \cdot \sqrt{\left(1 + \frac{0,1}{0,45 + 0,1}\right) \cdot \left(1 + \frac{0,1}{0,45 + 0,1}\right)} = 2,5 \text{ м}$$

Қабылдаймыз: $l_0 = 2,5$

Ұстынның шекті иілгіштігін (2.3), (2.4) формуласымен тексереміз.

Екінші ретті әсерлерді ескермеуге болады егер ұстынның иілгіштігі λ кіші болса гектік иілгіштіктен λ_{lim} :

$$\lambda \leq \lambda_{lim} \quad (2.3)$$

$$\lambda = \frac{l_0}{i} \quad (2.4)$$

Алдымен I – бетонның көлденең қимасы ауданының инерция моментін анықтаймыз. Шаршы тәрісдес қима үшін ол келесідей анықталады:

$$I = \frac{a^4}{12} = \frac{400^4}{12} = 2,1 \cdot 10^9 \text{ мм}^4$$

Келесі i – жарықшасы жоқ бетон қимасының инерция моменті. Оны анықтау үшін келесі формула қолданылды:

$$i = \sqrt{\frac{I}{A_c}} = \sqrt{\frac{2,1 \cdot 10^9}{400 \cdot 400}} = 114,5 \text{ мм}$$

Бағанның икемділігі:

$$\lambda = \frac{l_0}{i} = \frac{2500}{114,5} = 21,8 \text{ мм}$$

Шектік иілгіштікті ҚР ҚН EN 1992-ге сүйене отырып есептейміз:

$$\lambda_{lim} = \frac{20ABC}{\sqrt{n}} = \frac{20 \cdot 1.1 \cdot 1.7 \cdot 0.7}{\sqrt{0,1}} = 82,7 \text{ мм}$$

мұндағы n – салыстырмалы бойлық күш

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c \cdot f_{cd}} = \frac{387,5 \cdot 10^3}{400^2 \cdot 17} = 0,1$$

$$\lambda = 21,8,9 \text{ мм} < \lambda_{lim} = 82,7,3 \text{ мм}$$

Ұстынның қимасы икемділік бойынша тұрақтылығын қамтамасыз ете алады, сондықан екінші әсерлерді ескермеуге болады.

Ұстынның қимасын және арматураларын ҚР НТҚ 02-01-1.1-2011 сәйкес таңдаймыз. Оны формулалары арқылы анықтаймыз:

$$\frac{c_1}{h} = \frac{c_2}{h} = \frac{5}{40} = 0,1$$

Көлденең күшті және де келтіру коэффициентін (2.5 және 2.6 формулалары арқылы) анықтаймыз:

$$V_{Ed} = \frac{N_{Ed}}{bh f_{cd}} \quad (2.5)$$

$$V_{Ed} = \frac{387,5 \cdot 10^3}{400^2 \cdot 17} = 0,1$$

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} \quad (2.6)$$

$$\alpha_{Eds} = \frac{527 \cdot 10^3}{17 \cdot 400 \cdot 400^2} = 0,4$$


$$\omega_{tot} = 0,7$$

$$A_{s,tot} = \omega_{tot} \cdot b \cdot \frac{h}{\left(\frac{f_{yd}}{f_{cd}}\right)}, \text{ см}^2 \quad (2.7)$$

$$A_{s,tot} = \frac{0,7 \cdot 400 \cdot 400}{\frac{435}{17}} = 4377 \text{ мм}^2$$

Ұстындар үшін бойлық арматурасы тең: 4Ø28 S500 ($A_s = 24,63 \text{ см}^2$)
4Ø25 S500 ($A_s = 19,63 \text{ см}^2$)

$$A_s = 24,63 + 19,63 = 44,26$$



2.7 - сурет - V_{Ed} мәні арқылы ω_{tot} анықтау графигі

Көлденең арматураның диаметрі 6 мм кем емес немесе бойлық арматураның ең үлкен диаметрінің 1/4 қабылданады. $S_{cl,max}$ көлденең арматурасы сесмикалық аймақтар үшін:

1) $d = 8 \cdot 28 = 200 \text{ мм}$

2) $4 \cdot d = 4 \cdot 28 = 100 \text{ мм}$ (шеткі аймақ) Ұзындығының 1/4 = 800 мм арақашықтықта

3) $s \leq 150 \text{ мм}$ (ортаңғы аралық)

Диаметрі 6 мм көлденең арматураны 400 мм қадаммен қабылдаймыз.

Бойлық және көлденең арматураны анықтағаннан кейін мен арматуралық раманың дизайнын, спецификацияны және бағанның арматурасын жасаймыз.

2.9 Арқалық есебі

Бетон классының сипаттамалық кедергісі 30/37 осьтік бойынша қысу $f_{ck} = 30\text{МПа}$. Бетон үшін ішінара қауіпсіздік коэффициенті $\gamma_c = 1,5$. Бетонның осьтік сығуға беріктігі: $f_{cd} = 17\text{МПа}$.

Сыныптың жұмыс арматурасының сипаттамалық кедергісі S500 қосылу созылу $f_{yk} = 500\text{МПа}$. Жұмыс арматурасының жобалық кедергісі бойынша созылу: $f_{yd} = 435\text{МПа}$.

Көлденең арматураның сипаттамалық созылу беріктігі $f_{y\omega} = 240\text{МПа}$.

Көлденең арматураның есептік кедергісі бойынша созылу: $f_{yd} = 209\text{МПа}$.

Тиімді қима ені: $b_{eff} = 250\text{мм}$

Жұмыс бөлігінің биіктігі: $d = h - c_1 = 500 - 30 = 470$

Экстремалды аралықтағы бөлімдер:

Есептейміз: $M_{ed,max} = 193\text{кНм}$; $M_{ed,max} = M_{ed,s}$

Есептейміз: $M_{ed,s} = M_{ed,s} - N_{ed} \cdot z_{c1} = 193\text{кНм}$

Ригель ұзындығы: $6000 - 200 \cdot 2 = 5600\text{ мм}$.

Шеткі аралық үшін созылған аймаққа арматура тағайындаймыз:

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{\frac{M_{ed,s}}{b}}} = \frac{47}{\sqrt{\frac{193}{0,25}}} = 1,6$$

$$k_{s1} = 2,83; k_{s2} = 0$$

$$\frac{c_1}{d} = \frac{3}{37} = 0,08 \text{ одан кейін табамыз } p_1 = 1,0; p_2 = 1,0$$

Арқалық үшін бойлық жұмыс арматурасының ауданын табамыз:

$$A_{s1} = p_1 \cdot k_{s1} \cdot \frac{M_{ed,s}}{d} + \frac{N_{ed}}{\sigma_{s1}} = 1,0 \cdot 2,83 \cdot \frac{193}{47} + 0 = 11\text{ см}^2$$

Қабылдаймыз: 2Ø20 ($A_{s1} = 6,28\text{ см}^2$) және 2Ø18 ($A_{s1} = 5,09\text{ см}^2$) $A_{s1} = 6,28 + 5,09 = 11,37\text{ см}^2$

Сығылған аймаққа арматураны конструктивті түрде қабылдаймыз

Қабылдаймыз: 2Ø18мм $A_{s2} = 5,09\text{ см}^2$

Тірек аймағына арматура тағайындаймыз

Есептейміз: $M_{ed,max} = 220\text{кНм}$; $M_{ed,max} = M_{ed,s}$

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{\frac{M_{ed,s}}{b}}} = \frac{47}{\sqrt{\frac{228}{0,25}}} = 1,5$$

$$k_{s1} = 2,83; k_{s2} = 0$$

$$\frac{c_1}{d} = \frac{3}{37} = 0,08 \text{ одан кейін табамыз } p_1 = 1,0; p_2 = 1,0$$

Арқалық үшін бойлық жұмыс арматурасының ауданын табамыз:

$$A_{s1} = p_1 \cdot k_{s1} \cdot \frac{M_{ed,s}}{d} + \frac{N_{ed}}{\sigma_{s1}} = 1,0 \cdot 2,83 \cdot \frac{220}{47} + 0 = 13,2 \text{ см}^2$$

Қабылдаймыз: 2Ø25 ($A_{s1} = 8,11 \text{ см}^2$) және 2Ø18 ($A_{s1} = 5,09 \text{ см}^2$) $A_{s1} = 8,11 + 5,09 = 13,2 \text{ см}^2$

Сығылған аймаққа арматураны конструктивті түрде қабылдаймыз

Қабылдаймыз: 2Ø18мм $A_{s2} = 5,09 \text{ см}^2$

